

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2026)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/BGQF2048>

Бас редакторы – главный редактор

Тулекова Г. М.

доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Искакова З. С.

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Ш. С. Кошербаева¹, Ш. Ш. Карбаева², З. А. Ибрагимова³**

^{1,2}Абай Атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы;

³Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7465-490X>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4135-5740>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-4542-0525>

*e-mail: kosherbaeva_shinar@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУЫ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

Бұл мақалада оқушылардың құндылықтық әлеуетін дамытуда әлеуметтік-экологиялық білім берудің орны мен маңызы теориялық және практикалық тұрғыдан талданады. Қазіргі замандағы экологиялық проблемалардың ушығуы мен қоғамның табиғатқа деген жауапкершілік деңгейінің төмендеуі экологиялық білім беру мазмұнын қайта қарауды және оны оқушылардың құндылықтық бағдарларын қалыптастырумен ұштастыруды талап етеді. Осы мақсатта авторлар мектеп оқушыларына арналған арнайы әлеуметтік-экологиялық білім беру бағдарламасын әзірлеп, оны эксперименттік жағдайда сынақтан өткізді.

Бағдарлама мазмұнына экологиялық мәдениет, табиғатқа ұқыпты қарым-қатынас, экологиялық этика және әлеуметтік жауапкершілік сияқты тақырыптар енгізілді. Зерттеу барысында 9–11 сынып оқушыларының экологиялық білімі мен мінез-құлқының деңгейін анықтауға арналған әдістемелік құралдар қолданылды, нәтижесінде эксперименттік топта экологиялық білім деңгейі мен саналы экологиялық мінез-құлық дағдыларының айтарлықтай артқаны байқалды. Зерттеуде «экологиялық мінез-құлық» ұғымы оқушылардың табиғатқа деген саналы және жауапты әрекеттер жүйесі ретінде қарастырылады. Бұл ұғымға табиғатты қорғауға бағытталған күнделікті әдеттер (мысалы, ресурстарды үнемдеу,

қалдықтарды сұрыптау), экологиялық іс-шараларға қатысу, сондай-ақ табиғатқа зиян келтірмеуге деген ішкі ұстанымдар жатады. Сонымен қатар, оқушылар бағдарламаның мазмұны мен әдістеріне жоғары қызығушылық танытып, алынған білімді күнделікті өмірде қолдануға дайын екендерін білдірді.

Зерттеу нәтижелері әлеуметтік-экологиялық білім беру – тек ақпарат берудің ғана емес, сонымен қатар жас ұрпақтың құндылықтық сана-сезімін, табиғатқа деген этикалық және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың маңызды құралы екенін дәлелдейді. Мақалада ұсынылған бағдарламаның құрылымы, мазмұны мен нәтижелері білім беру жүйесінде құндылықтарға негізделген экологиялық тәрбиені іске асыруда тәжірибелік маңызы бар екенін көрсетеді.

Кілтті сөздер: экологиялық білім, экологиялық сана, Қазақстан Республикасы, тұрақты даму, жобалық қызмет, экологиялық жауапкершілік.

Кіріспе

Қазіргі таңда жаһандық экологиялық дағдарыс пен климаттың өзгеруі адамзаттың тіршілігіне тікелей қауіп төндіріп отыр. Бұл мәселе Қазақстан үшін де аса өзекті. Елдегі ауа мен су ресурстарының ластануы, тұрмыстық қалдықтарды өңдеудің төмен деңгейі, экожүйелердің бұзылуы – осының бәрі экологиялық мәдениетті қалыптастыру қажеттілігін арттырып отыр.

Экологиялық білім беру – осы проблемалармен күресудің маңызды тетігі. Өсіресе, мектеп жасындағы балаларда табиғатқа деген жауапты көзқарасты қалыптастыру – тұрақты дамуға қол жеткізудің негізі. Биология, география және химия пәндерінде экологиялық құндылықтарды дарыту арқылы жас ұрпақтың экологиялық санасын оятуға болады.

Елдегі ауаның, судың және топырақтың ластануы, тұрмыстық қалдықтардың көбейіп, қайта өңдеу деңгейінің төмен болуы – тұрғындардың денсаулығына, өмір сапасына және экономикалық дамуға елеулі қауіп төндіруде. Бұл жағдай Қазақстанның бірқатар стратегиялық және нормативтік құжаттарында көрініс тапқан. Атап айтқанда, 1997 жылғы «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [1] азаматтардың экологиялық білім алуға құқығы бар екенін бекітсе, 2007 жылғы «Білім туралы» Заңда [2] білім беру мазмұнына экологиялық компоненттерді енгізу талап етіледі. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы [3] мен Қазақстан Республикасының экология кодексі [4]

қоршаған ортаны қорғау және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуде жастарға экологиялық тәрбие мен білім беру маңыздылығын атап өтеді.

Экологиялық білім беру тек ұлттық деңгейде емес, халықаралық деңгейде де маңызды стратегиялық бағыт ретінде қарастырылады. 2005–2014 жылдарға арналған БҰҰ-ның «Тұрақты даму үшін білім беру» онжылдығы аясында [5] ЮНЕСКО барлық мүше мемлекеттерге білім беру жүйесін экологиялық, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылық принциптерімен үндестіруді ұсынды. Бұл кезеңде Қазақстан да өз ұлттық саясатын халықаралық стандарттарға бейімдеуді бастады. Сонымен қатар, 2015 жылы қабылданған БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары [6] ішінде 4.7-мақсат – «Баршаға арналған сапалы білім» – тұрақты даму, инклюзия, бейбітшілік пен жаһандық азаматтық мәселелерін қамтитын білімді кеңінен тарату қажеттігін атап көрсетеді.

Алайда аталған құжаттарда көрсетілген мақсаттар нақты мектеп тәжірибесінде әлі де толық жүзеге асырылмай отыр. Қазіргі экологиялық білім беру мазмұны көбіне теориялық сипатта қалып, оқушылардың жеке жауапкершілігі мен экологиялық мінез-құлқының қалыптасуына жеткілікті түрде ықпал ете бермейді. Зерттеуде қолданылатын «экологиялық мінез-құлық» ұғымы – бұл оқушылардың табиғатқа зиян келтірмеуге бағытталған саналы іс-әрекеттер жүйесі. Мұндай мінез-құлық ресурстарды үнемдеу, қалдықтарды сұрыптау, экологиялық акцияларға қатысу және қоршаған ортаға жауапты көзқарас қалыптастыру сияқты дағдылармен сипатталады. Ол экологиялық білім мен құндылықтардың практикалық көрінісі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты, жастардың құндылықтық бағдарларын дамытуға бағытталған белсенді, әрекетті оқыту әдістерін енгізу қажеттілігі туындап отыр. Мектептегі экологиялық білім тек ақпарат берумен шектелмей, оқушылардың табиғатқа деген саналы қарым-қатынасын қалыптастыруы тиіс. Осыған орай, зерттеудің өзектілігі – әлеуметтік-экологиялық білім беру арқылы оқушылардың құндылықтық әлеуетін дамыту жолдарын анықтап, оны нақты педагогикалық құралдармен жүзеге асыруда болып отыр.

Ресейлік ғалым В.С. Шилованың зерттеулері әлеуметтік-экологиялық білім берудің психологиялық-құндылықтық мәселелеріне ерекше назар аударады [7]. Ол студент жастардың табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас орната алуы үшін олардың қажеттілік-мотивациялық және мақсатты компоненттерін қалыптастыру қажеттілігін алға тартады. Ғалымның пайымдауынша, әлеуметтік-экологиялық білім тек мазмұндық жағынан емес, тұлғаның ішкі жүйесіне – яғни, мотивтеріне, мақсаттарына, құндылық бағдарларына тікелей ықпал етуі тиіс. Бұл компоненттер адамның табиғи

ортадағы мінез-құлқы мен кәсіби қызметіндегі экологиялық жауапкершілік деңгейін айқындайды.

Әлеуметтік-экологиялық білім берудің мәні мен ерекшеліктерін сипаттауда ресейлік авторлар Г. И. Бабакина, Т. Н. Козляк және Н. Е. Турчина әлеуметтік экологияны адамның табиғи ортамен жүйелі әрі тұрақты байланысын зерттейтін ғылым ретінде қарастырады [8]. Олар әлеуметтік-экологиялық тәрбиені тек білім беру саласы ғана емес, сонымен қатар тұлғаның табиғатпен өзара әрекетіне бағытталған әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыру процесі деп түсіндіреді. Бұл тәрбиенің негізінде – адам мен табиғат арасындағы өзара ықпал жатыр.

Бразилиялық зерттеушілер João Alberto Arantes do Amaral ESOA (Educação Ambiental para as Comunidades) атты жобалық бағдарлама аясында жүргізген зерттеулерінде экологиялық сана мен қауымдастық арасындағы байланысты тиімді дамыту жолдарын көрсетеді [9]. Зерттеудің нәтижелері көрсеткендей, жобалық оқытуға негізделген тәсіл – тек білім беру құралы емес, сонымен қатар қоғамдық қатысу мен жауапкершілікті дамытудың пәрменді әдісі. Оқушылар өз өңірлеріндегі нақты экологиялық және әлеуметтік проблемаларды анықтап, оларды шешуге бағытталған жобалар әзірледі. Бұл процесте олар тек теориялық білім алып қана қоймай, сыни ойлау, топтық жұмыс, коммуникация және шешім қабылдау дағдыларын дамыту мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, оқушылардың өзін-өзі бағалауы артты, оқуға деген қызығушылығы күшейді.

Cynthia A. Wei, Michael L. Deaton, ұсынған әлеуметтік-экологиялық мәселені шешуге арналған оқыту құрылымы маңызды үлгі ретінде танылды. Зерттеушілер әлеуметтік-экологиялық синтез (S-E synthesis) ұғымына негізделген трансдисциплинарлық білім беру моделін ұсынады [10]. Бұл модельдің басты ерекшелігі – экологиялық білімді тек теориялық тұрғыдан беру емес, оны нақты өмірлік жағдайлармен байланыстыру арқылы оқушылар мен студенттердің жүйелік ойлауын, деректермен жұмыс жасауын, этикалық бағалауын және шешім қабылдау қабілетін дамытуға бағытталуы. Авторлар білім беру мазмұны төрт негізгі компоненттен тұруы керек деп есептейді: білім, дағды, ұстаным және тәжірибе. Мақалада атап көрсетілгендей, студенттерді әлеуметтік-экологиялық мәселелерді шешуге үйрету үшін оларды зерттеу жүргізуге, себеп-салдар байланыстарын түсінуге, түрлі мүдделі тараптарды саралауға және шынайы балама шешімдер ұсынуға машықтандыру қажет.

Philip M. Mullins өзінің зерттеуінде экологиялық тұрақсыздық жағдайында табиғат аясындағы практикалық дағдыларды дамытудың әлеуметтік-экологиялық маңызын алға тартады [11]. Автордың айтуынша,

экологиялық тәрбиенің тиімділігі тек ақпарат беруге емес, адамның табиғи ортамен тікелей әрекеттесу қабілетіне де байланысты. Осы орайда ол шытырман оқиғалы (adventure) білім беру, туризм және табиғаттағы белсенді демалыс сияқты салада қолданылатын дағдыға негізделген іс-әрекеттерге назар аударады.

Ә. Боранбаевтың зерттеуі қазіргі заманауи ғылымда экологиялық педагогиканың маңыздылығын терең талдайды [12]. Автордың басты көзқарасы – білім берудегі жаңа парадигмалар тек теориялық мазмұнмен шектеліп қалмай, экологиялық этика мен экологиялық әділеттілікке негізделген жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағытталуы керек. Осыған байланысты экологиялық педагогика – тек пән емес, ол тұлғаның табиғатпен үйлесімді қарым-қатынасын тәрбиелеудің іргелі тетігі ретінде сипатталады.

Ережепқызы Р. зерттеуінде Қазақстан Республикасындағы экологиялық білім мен тәрбие саласындағы құқықтық реттеудің қазіргі жағдайы кешенді түрде қарастырылады. Авторлар еліміздегі және ТМД кеңістігіндегі экологиялық жағдай әлем бойынша ең қолайсыз аймақтардың қатарына жататынын атап көрсетеді. Осыған орай, мақалада экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің ұлттық заңнама аясындағы қалыптасуы мен даму үрдістері зерделеніп, оның негізгі құқықтық негіздері сипатталады [13]. Зерттеу аясында экологиялық-құқықтық сана ұғымына ерекше назар аударылған. Авторлар бұл ұғымды экологиялық проблемаларды шешуде шешуші фактор ретінде қарастырады. Экологиялық құқықтық сана – бұл азаматтардың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігі мен құқықтық мәдениетінің қалыптасуына ықпал ететін маңызды құндылықтық бағдар.

Осы шолудан шығатын қорытынды – экологиялық педагогика белсенді дамып келе жатқан білім саласы. Ол пәнаралық байланысқа, әлеуметтік әділеттілікке, табиғатпен үйлесімді өмір сүру мәдениетін тәрбиелеуге негізделеді. Экологиялық білім мен тәрбие беруді тиімді іске асыру үшін құқықтық, әдістемелік және педагогикалық жүйелердің өзара байланысын нығайту қажет.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу 2024–2025 оқу жылында Алматы қаласындағы №42 жалпы білім беретін мектептің 9, 10 және 11-сынып оқушылары арасында жүргізілді. Зерттеуге барлығы 86 оқушы қатысты. Олар екі топқа бөлінді: эксперименттік топқа – 43 оқушы, бақылау тобына – 43 оқушы енгізілді. Эксперименттік топқа арнайы әзірленген әлеуметтік-экологиялық білім беру бағдарламасы ұсынылды, ал бақылау тобы дәстүрлі оқу бағдарламасы бойынша оқытылды. Эксперимент үш кезеңнен тұрды. Диагностикалық кезеңде оқушылардың

бастапқы экологиялық білім деңгейі мен саналы мінез-құлық көрсеткіштері анықталып, сауалнама мен тест жүргізілді. Қалыптастырушы кезеңде бес апта бойы эксперименттік топ оқушылары жобалық іс-әрекетке, экологиялық квесттерге, табиғатқа экскурсияларға және пәнаралық байланыс негізінде құрылған сабақтарға қатысты. Қорытынды кезеңде оқушыларға соңғы тест пен сауалнама өткізіліп, бастапқы және соңғы нәтижелер салыстырылды.

Экологиялық білім мен мінез-құлықты бағалау үшін арнайы тесттер және сауалнамалар қолданылды. Бұл құралдар экологиялық ұғымдарды білу деңгейін және оқушылардың табиғатқа қатынасын, күнделікті экологиялық әдеттерін бағалауға бағытталған. Бағдарламаның тиімділігін бағалау үшін тестілеу екі рет жүргізілді:

Бірінші рет – эксперимент алдында (бастапқы диагностика).

Екінші рет – бағдарлама аяқталғаннан кейін (қорытынды диагностика).

Зерттеуде қолданылған сауалнама мен тесттер авторлар тарапынан әзірленіп, экологиялық білім мен мінез-құлықты бағалауға бағытталды. Тест 20 жабық сұрақтан тұрды және оқушылардың экологиялық ұғымдарды түсінуі, экожүйелер туралы базалық білім, ресурстарды пайдалану, ластану себептері мен салдарын білуін бағалады.

Бұл құралдардың мазмұндық валидтілігі педагогика, экология және психология салаларындағы 5 тәуелсіз сарапшы тарапынан бағаланды. Сарапшылар сауалнама сұрақтарының жас ерекшелігіне, оқу бағдарламасына сәйкестігін және бағалау мақсаттарына үйлесімділігін растады. Сенімділік деңгейін тексеру үшін сауалнама мен тест пилоттық режимде ($n=18$) алдын ала апробациядан өткізілді. Cronbach's alpha коэффициенті 0,84-ті құрады, бұл құралдардың ішкі сәйкестілігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Нәтижелер және талқылау

Эксперимент басталмас бұрын оқушылардың экологиялық білім деңгейі мен экологиялық мінез-құлық нормалары бойынша бастапқы диагностика жүргізілді. Диагностикалық кезеңде 9, 10 және 11-сынып оқушыларына арнайы әзірленген тестілеу тапсырмалары мен анкета-сұрақтар ұсынылды. Тестілеу екі негізгі бағытты қамтыды:

1 Экологиялық білім деңгейін анықтау

Экологиялық білімді бағалау үшін құрылымдалған тест қолданылды. Бұл тест 20 сұрақтан тұрды және келесі мазмұндық блоктарды қамтыды:

- Қоршаған орта ұғымдары мен экожүйелердің құрылымы;
- Ластану түрлері және олардың салдары;
- Қалдықтарды сұрыптау мен қайта өндеудің маңызы;
- Су мен ауа ресурстарының маңызы;

– Қазақстандағы экологиялық жағдайға қатысты нақты мысалдар (Арал, Семей, т.б.).

Тест нәтижелері әр сұраққа дұрыс жауап беру арқылы 100%-дық шкала бойынша бағаланды. Әрбір оқушының жеке нәтижесі тіркеліп, орташа көрсеткіш топтық деңгейде есептелді. Эксперименттік топта бастапқы білім деңгейі 48 %-ды, бақылау тобында – 50 %-ды құрады.

2 Экологиялық мінез-құлық дағдыларын анықтау


Экологиялық мінез-құлықты бағалау үшін оқушының іс-әрекетке бейімділігі мен қатысуын анықтауға арналған анкета ұсынылды. Бұл анкетада келесі мәселелер қамтылды:

– Күнделікті өмірде табиғатты қорғауға бағытталған әрекеттер (мысалы, су мен электр энергиясын үнемдеу, қалдықтарды сұрыптау, табиғатқа зиян келтірмеу);

– Экологиялық акцияларға, мектептегі сенбіліктер мен экожобаларға қатысу тәжірибесі;

– Қоршаған ортаға жеке жауапкершілік сезімі.

Әр сұраққа оқушы «иә», «жоқ», «кейде» жауаптарының бірін таңдады. Әр жауаптың ұпайлық салмағы болды. Анкета нәтижелері бойынша да 100 %-дық бағалау жүйесі қолданылды. Нәтижесінде, бастапқы кезеңде эксперименттік топтағы оқушылардың экологиялық мінез-құлқының орташа көрсеткіші 50 %, бақылау тобында 52 % болды (1-сурет).



1-сурет – Бастапқы диагностика нәтижелері

Анкеталық деректерді өңдеу барысында әрбір оқушының жауабына сәйкес балл беріліп, жалпы нәтиже пайыздық көрсеткішпен есептелді. Анкета 20 сұрақтан тұрып, әр жауаптың ұпайлық салмағы былайша

белгіленді: «иә» – 2 балл, «кейде» – 1 балл, «жоқ» – 0 балл. Жеке көрсеткішті пайызға айналдыру үшін мына формула қолданылды:

$$(\text{Жинаған балл} / 40) \times 100 \%,$$

мұндағы 40 – мүмкін болатын ең жоғары нәтиже (20 сұрақ $\times$ 2 балл). Осы тәсіл арқылы әрбір оқушының экологиялық мінез-құлық деңгейі пайыздық көрсеткішпен бағаланып, кейін топтық орташа көрсеткіштер есептелді. Бұл әдіс зерттеу нәтижелерінің салыстырмалығын қамтамасыз етіп, мәліметтердің валидтілігі мен сенімділігін арттырды.

Қалыптастырушы кезеңде «Оқушылардың құндылықтық әлеуетін дамыту құралы ретінде әлеуметтік-экологиялық білім беру» тақырыбы аясында арнайы бағдарлама құрылып, жүйелі түрде іске асырылды. Бағдарламаның негізгі мақсаты – оқушылардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру, олардың құндылықтық көзқарастарын экологиялық және әлеуметтік мәселелермен байланыстыра отырып дамыту, сондай-ақ, белсенді азаматтық позиция қалыптастыру болды.

Бағдарлама мазмұны үш негізгі модульге негізделді (2-сурет):



2-сурет – Бағдарламаның негізгі модульдері

Бірінші кезеңде оқушылар қоршаған ортаға байланысты базалық теориялық біліммен танысты. Бұл бөлімде экологияның негізгі ұғымдары, қазіргі экологиялық мәселелер, табиғатты қорғаудың құқықтық негіздері, тұрақты даму тұжырымдамасы сынды тақырыптар қарастырылды. Бұл сабақтар оқушылардың экологиялық түсінігін тереңдетуге және табиғатқа қатысты құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға бағытталды.

Келесі кезеңде оқушылар әлеуметтік-экологиялық бағыттағы жобалық әрекеттерге тартылды. Олар өз мектептері мен жергілікті ортада кездесетін

нақты экологиялық проблемаларды анықтап, оларды шешуге бағытталған шағын жобалар әзірледі. Мысалы, кейбір оқушылар пластик қалдықтарын азайту, жасыл аймақтарды көбейту, су үнемдеу, энергияны тиімді пайдалану сынды мәселелер бойынша ақпараттық науқандар мен нақты экологиялық әрекеттер ұйымдастырды. Бұл бағыт оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін, ұжымдық жұмысқа қабілеттілігін және бастамашылдығын дамытуға әсер етті.

Үшінші модульде оқушылардың экологиялық мінез-құлқын қалыптастыруға, яғни нақты экологиялық әрекеттерге қатысуына басымдық берілді. Бұл кезеңде экологиялық сенбіліктер, ағаш отырғызу акциялары, «жасыл мектеп» жобасы, экофлешмобтар, бейнероликтер мен плакаттар жасау сияқты практикалық әрекеттер арқылы олардың табиғатқа деген қарым-қатынасы мен құндылықтық көзқарастары нығайтылды. Сонымен қатар, оқушылар күнделік жүргізіп, әр сабақтағы әсерлері мен жасаған экологиялық әрекеттерін жазып отырды. Бұл жеке рефлексия дағдысын дамытып, ішкі мотивацияны күшейтуге ықпал етті.

Бағдарлама барысында тренинг, жобалық жұмыс, ойын әдістері, пікірталас, сарапшылармен кездесу секілді интерактивті тәсілдер қолданылды. Бұл әдістер оқушылардың өзіндік пікірін білдіруге, өзара диалог орнатуға және нақты экологиялық шешімдер қабылдауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде оқушылардың құндылықтық әлеуеті – атап айтқанда, табиғатқа жанашырлық, ұжымдық жауапкершілік, экологиялық әділеттілікке ұмтылыс, қоғамдық белсенділік сияқты сапалар едәуір дамыды.

Әлеуметтік-экологиялық білім беру бағдарламасы аясында өткізілген тағы бір мазмұнды әрі тәрбиелік мәні зор іс-шара – «Менің мектебім – жасыл аймақ» атты экологиялық акция болды. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың табиғатқа деген жанашырлығын арттыру, экологиялық сана мен ұжымдық жауапкершілікті қалыптастыру, сонымен қатар олардың құндылықтық әлеуетін дамыту болды. Акция барысында 9–11 сынып оқушылары мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстарына белсене атсалысты. Алдымен оқушылар топтарға бөлініп, жоспар құрды: қандай ағаштар мен гүлдер отырғызылады, қай аймақтарға суару жүйесі қажет, қандай экологиялық белгілер ілінеді. Жобаны ұйымдастыру және іске асыру кезінде оқушылар тек табиғатты қорғау туралы теориялық білімдерін ғана емес, практикалық дағдыларын да қолданды. Олар өз қолдарымен ағаш көшеттерін отырғызып, әрбір топ жауапты аймақты бекітіп алды. Сонымен қатар, әр топ өз аймағына экологиялық ұран жазылған стендтер мен ескертпе белгілер орнатты («Табиғатты аялайық», «Таза мектеп – жарқын болашақ»). Бұл жұмыс барысында көшбасшылық, ұйымшылдық, шығармашылық және еңбек

дағдылары дамып, оқушылар өздерінің табиғат алдындағы жауапкершілігін сезінді. Акция соңында оқушылар өз әсерлерімен бөлісіп, табиғатқа жақындай түскендерін, бұл жұмыстардың адам мен қоршаған орта арасындағы байланысты терең түсінуге көмектескенін айтты. Іс-шараның нәтижесінде мектеп ауласы көркейіп қана қоймай, оқушылардың экологиялық мәдениеті мен құндылықтық көзқарастары айтарлықтай нығайды.

Мысал ретінде Алматы қаласының бірнеше мектебінде жүзеге асқан «Эко-Азамат» оқушылар клубы жобасын келтіруге болады. Бұл бастама аясында оқушылар қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізіп, мектеп ауласында компост алаңын ұйымдастырды. Олар өз қолдарымен экокораптар жасап, сыныптар арасында эко-бақылау жүргізді. Жоба оқушылардың табиғатқа ұқыпты қарауын тәжірибе жүзінде дамытуға бағытталды.

Тағы бір мысал – Қарағанды облысындағы «Жасыл бұлақ» экологиялық экспедициясы. Жазғы демалыс кезінде ұйымдастырылған бұл бағдарламада оқушылар өз өңіріндегі су айдындарының экологиялық жағдайын зерттеді. Олар су үлгілерін жинап, қарапайым индикаторлар арқылы ластану деңгейін анықтап, ауыл тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Бұл тәжірибелік зерттеу экологиялық сауаттылық пен қоғамдық белсенділікті ұштастыруға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жүргізілген «Эко-Достық» бағдарламасы аясында оқушылар энерготиімді технологиялар мен қайта қалпына келетін энергия көздері туралы зерттеу жобаларын қорғап, мектеп ғимаратында энергия тұтынуды қысқарту бойынша ұсыныстар дайындады. Бұл нақты тәжірибелік жұмыс экологиялық құндылықтарды өмірмен байланыстыра отырып, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытты.


Экологиялық білім берудің тиімділігін арттыруда халықаралық тәжірибені ескеру де аса маңызды. Мысалы, Финляндия, Германия және Жапония сияқты елдерде экологиялық тәрбие мектеп жасынан бастап білім беру мазмұнына жүйелі түрде енгізілген, ал АҚШ пен Канадада пәнаралық тәсіл арқылы экологиялық тақырыптар барлық пәндерде қамтылады. Бұл елдерде оқушыларға табиғатпен өзара байланыс сезімін дамытуға, экожүйелік ойлауды қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Біздің зерттеуде қолданылған бағдарлама осы халықаралық тәжірибелермен үндес: жобалық тәсіл, практикалық іс-әрекет, ұжымдық жауапкершілік және экологиялық мәдениеттің негізгі қағидаттары біріктірілген.

Бақылау кезеңі әлеуметтік-экологиялық білім беру бағдарламасының оқушыларға ықпалын бағалау мақсатында жүргізілді. Бұл кезеңде бастапқы кезеңдегі диагностикалық құралдар қайта қолданылып, оқушылардың

кұндылықтық әлеуеті мен экологиялық санасының даму деңгейі салыстырмалы түрде талданды.

Қорытынды нәтиже көрсеткендей, эксперименттік топтағы оқушылардың экологиялық білімі мен мінез-құлқы едәуір жоғары деңгейге жетті. Салыстырмалы түрде алғанда, бастапқы кезеңмен салыстырғанда оқушылардың табиғатқа қатысты көзқарасында оң өзгерістер байқалды. Олар қоршаған ортаны қорғауға белсенді қатысуға, экологиялық мәселелерді түсінуге және жеке жауапкершілікті сезінуге дайын екенін көрсетті. Сонымен қатар, олардың құндылықтық бағдары мен әлеуметтік сезімталдығы күшейіп, экологиялық сана деңгейі артты.

Бұл нәтижелер әлеуметтік-экологиялық білім беру бағдарламасының тиімділігін нақты дәлелдейді. Эксперименттік топта экологиялық білім деңгейінің 48 %-дан 85 %-ға дейін, ал экологиялық мінез-құлықтың 50 %-дан 92 %-ға дейін артуы – оқушылардың тек теориялық біліммен ғана емес, практикалық әрекет пен құндылықтық көзқарас арқылы да дамығанын білдіреді. Ал бақылау тобындағы өзгерістердің төмен деңгейде қалуы (білім – 50 %-дан 60 %-ға, мінез-құлық – 52 %-дан 58 %-ға дейін) дәстүрлі оқыту әдістерінің бұл бағытта жеткіліксіз екенін көрсетеді (3-сурет).



3-сурет – Қорытынды диагностика нәтижелері

Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған сапалық мәліметтер де маңызды рөл атқарды. Эксперименттік топ оқушылары күнделік жазбаларында табиғатқа деген көзқарасының өзгергенін, экологиялық әдеттердің күнделікті өміріне енгенін атап өтті. Бір оқушы: «Бұрын су мен жарықты үнемдеу туралы ойланбайтынмын, енді бұл менің жауапкершілігім екенін түсіндім» – деп жазды. Тағы бір оқушы: «Экологиялық сенбілік кезінде алғаш рет ағаш отырғызып, табиғатқа шынайы қамқорлық жасау

қандай сезім екенін түсіндім» – деп бөлісті. Мұндай пікірлер оқушылардың экологиялық мінез-құлқының тек сыртқы әрекет емес, ішкі мотивациялық өзгеріске негізделгенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері әлеуметтік-экологиялық білім беру бағдарламасының оқушылардың құндылықтық әлеуетіне оң ықпал еткенін көрсетті. Бұл білім беру бағытының мектеп тәжірибесінде кеңінен қолданылуы оқушылардың экологиялық мәдениетін, әлеуметтік жауапкершілігін және белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, төменде әлеуметтік-экологиялық білім беруді жетілдіруге бағытталған негізгі ұсыныстар беріліп отыр:

– Жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламасына әлеуметтік-экологиялық бағыттағы арнайы элективті курстар мен модульдер енгізу ұсынылады. Бұл курстар оқушылардың экологиялық білімімен қатар, олардың әлеуметтік жауапкершілігі мен құндылықтық әлеуетін дамытуға бағытталуы тиіс.

– Экологиялық тәрбиелеу үдерісінде жобалық жұмыс, квест, пікірталас, далалық зерттеу сияқты интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың экологиялық мінез-құлқын қалыптастыру мен ішкі мотивациясын арттырудың тиімді құралы ретінде ұсынылады.

– Мектеп аясында «жасыл мектеп», эко-клуб немесе еріктілік форматындағы экологиялық қозғалыстарды дамыту арқылы оқушылардың практикалық экологиялық әрекеттерге тұрақты қатысуын қамтамасыз ету қажет.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері әлеуметтік-экологиялық білім берудің оқушылардың құндылықтық әлеуетін дамытудағы маңызын нақты дәлелдейді. Эксперимент барысында қолданылған белсенді әдістер – жобалық оқыту, практикалық әрекеттер, квесттер және әлеуметтік жауапкершілікке бағытталған сабақтар – оқушылардың экологиялық білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың саналы экологиялық мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал етті.

Эксперименттік топта білім деңгейі 48%-дан 85%-ға, экологиялық мінез-құлық деңгейі 50 %-дан 92 %-ға дейін артқаны оқыту мазмұны мен тәсілдерінің тиімділігін көрсетеді. Сонымен қатар, Лайкерт шкаласы негізінде алынған сауалнама нәтижелері бағдарламаға деген қызығушылықтың, оның мазмұнының өзектілігі мен практикалық маңыздылығының жоғары екенін дәлелдеді.

Бағдарлама мазмұны теориялық білім, жобалық қызмет және тәжірибелік әрекеттерді біртұтас құрылымға біріктіре отырып, оқушылардың табиғатқа деген көзқарасын, құндылықтық бағдарын және әлеуметтік-экологиялық жауапкершілігін қалыптастыруға жағдай жасады. Бұл тәсіл оқушы

тұлғасының жан-жақты дамуына, оның ішінде экологиялық санасының тереңдеуіне, азаматтық белсенділіктің артуына және табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына ықпал етті.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Заңы. – [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000160> (қаралған күні : 20.04.2025)

2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. – [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (қаралған күні : 18.04.2025)

3 «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығы. – [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U070000310> (қаралған күні : 02.05.2025)

4 «Қазақстан Республикасының экология кодексі» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі. – [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400> (қаралған күні : 02.05.2025)

5 **Huckle, J., Wals, A. E. J.** The UN Decade of Education for Sustainable Development : business as usual in the end [Text] // Environmental Education Research. – 2015. – Vol. 21. – №. 3. – С. 491-505.

6 **Idowu, S. O., Schmidpeter, R., Zu, L.** The future of the UN sustainable development goals [Text]. – Springer International Publishing, 2020. – С. 3–26.

7 Шилова, В. С. Социально-экологическое образование студентов : потребностно-мотивационный и целевой компоненты [Текст] // Вопросы журналистики, педагогики, языкознания. – 2017. – Т. 33. – №. 7 (256). – С. 165-176.

8 **Бабакина, Г. И., Козляк, Т. Н., Турчина, Н. Е.** Социально-экологическое образование учащейся молодежи в условиях педагогического колледжа : Сущность и особенности [Текст] // Социально-экологическое образование учащейся молодежи : проблемы и перспективы. – 2020. – С. 104-106.

9 **Amaral, J. A. A., da Cunha, F. M., Dias, B. M. M.** The Systemic Impacts of a Large-Scale Socio-Environmental Educational Program [Text] // Fronteira : Journal of Social, Technological and Environmental Science. – 2020. – Vol. 9. – №. 3. – С. 09–32.

10 **Wei, C. A.** A framework for teaching socio-environmental problem-solving [Text] // Journal of Environmental Studies and Sciences. – 2020. – Vol. 10. – №. 4. – С. 467–477.

11 **Mullins, P. M.** A socio-environmental case for skill in outdoor adventure [Text] // Journal of Experiential Education. – 2014. – Vol. 37. – №. 2. – С. 129-143.

12 **Боранбаев, А.** Заманауи зерттеулердегі экологиялық педагогиканың өзекті мәселелері : сапалы контент-талдау [Мәтін] // Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2023. – Т. 77. – №. 4. – С. 88–100.

References

1 «Korshagan ortany korgau turaly» Kazakstan Respublikasynyn 1997 zhylygy Zany [Law of the Republic of Kazakhstan «On Environmental Protection» of 1997]. – [Electronic resource]. – Retrieved from – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000160> [in Kazakh].

2 «Bilim turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2007 zhylygy 27 shildedegi № 319 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 27, 2007 No. 319 “On education”]. – [Electronic resource]. – Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> [in Kazakh].

3 «Kazakstannyn 2030 zhyлга deyingi Damu strategiyasyn odan ari iske asyru zhonindegi sharalar turaly» Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2007 zhylygy 6 sauirdegi No.310 Zharlygy [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated April 6, 2007 No. 310 “On measures for the further implementation of the development strategy of Kazakhstan until 2030”]. – [Electronic resource]. – Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U0700000310> [in Kazakh].

4 «Kazakstan Respublikasynyn ekologiya kodeksi» Kazakstan Respublikasynyn 2021 zhylygy 2 kantardagy № 400-VI KRZ Kodeksi [Code of the Republic of Kazakhstan dated January 2, 2021 No. 400-VI code of the Republic of Kazakhstan «Ecology code of the Republic of Kazakhstan»]. – [Electronic resource]. – Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400> [in Kazakh].

5 **Huckle, J., Wals, A. E. J.** The UN Decade of Education for Sustainable Development : business as usual in the end [Text]. Environmental Education Research. – 2015. – Vol. 21. – №. 3. – P. 491–505.

6 **Idowu, S. O., Schmidpeter, R., Zu, L.** The future of the UN sustainable development goals [Text]. Springer International Publishing, 2020. – P. 3–26.

7 **Shilova, V. S.** Sotsial'no-ekologicheskoe obrazovanie studentov : potrebnostno-motivatsionnyy i selevoy komponenty [Socio-ecological education of students : need-motivational and target components] [Text]. Voprosy zhurnalistiki, pedagogiki, yazykoznaniya. – 2017. – Vol. 33. – №. 7 (256). – P. 165–176.

8 **Babakina, G. I., Kozlyak, T. N., Turchina, N. E.** Sotsial'no-ekologicheskoe obrazovanie uchashcheysya molodezhi v usloviyakh pedagogicheskogo kolledzha : Sushchnost' i osobennosti [Socio-ecological education of students in the conditions of a pedagogical college : The essence and features] [Text]. Sotsial'no-ekologicheskoe obrazovanie uchashcheysya molodezhi : problemy i perspektivy. – 2020. – P. 104–106.

9 **do Amaral, J. A. A., da Cunha, F. M., Dias, B. M. M.** The Systemic Impacts of a Large-Scale Socio-Environmental Educational Program [Text]. Fronteira : Journal of Social, Technological and Environmental Science. – 2020. – Vol. 9. – №. 3. – P. 09–32.

10 **Wei, C. A.** A framework for teaching socio-environmental problem-solving [Text]. Journal of Environmental Studies and Sciences. – 2020. – Vol. 10. – №. 4. – P. 467–477.

11 **Mullins, P. M.** A socio-environmental case for skill in outdoor adventure [Text]. Journal of Experiential Education. – 2014. – Vol. 37. – №. 2. – P. 129–143.

12 **Boranbaev, A.** Zamanauı zertteulerdegi ekologiyalyk pedagogikanyn ozekti maseleleri : sapaly kontent-taldau [Actual problems of environmental pedagogy in modern research : quality content analysis] [Text]. Vestnik KazNU. Seriya pedagogicheskaya. – 2023. – Vol. 77. – №. 4. – P. 88–100.

29.10.24 ж. баспаға түсті.

26.12.25 ж. түзетулерімен түсті.

15.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Ш. С. Кошербаева¹, Ш. Ш. Карбаева², З. А. Ибрагимова³*

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы;

³Алматинский гуманитарно-экономический университет, Республика Казахстан, Алматы.

Поступило в редакцию 29.10.24.

Поступило с исправлениями 26.12.25.

Принято в печать 15.05.26.

СОЦИАЛЬНО-ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ЦЕННОСТНОГО ПОТЕНЦИАЛА УЧАЩИХСЯ

В данной статье анализируется место и значение социально-экологического образования в развитии ценностного потенциала

учащихся с теоретической и практической точек зрения. Обострение экологических проблем современности и снижение уровня ответственности общества за природу требуют пересмотра содержания экологического образования и его сопряжения с формированием ценностных ориентаций учащихся. С этой целью авторы разработали специальную социально-экологическую образовательную программу для школьников и протестировали ее в экспериментальных условиях.

В содержание программы включены такие темы, как экологическая культура, бережное отношение к природе, экологическая этика и социальная ответственность. В ходе исследования были использованы методические пособия для определения уровня экологического образования и поведения учащихся 9–11 классов, в результате чего в экспериментальной группе наблюдалось значительное повышение уровня экологического образования и навыков сознательного экологического поведения. В исследовании понятие «экологическое поведение» рассматривается как система сознательных и ответственных действий учащихся по отношению к природе. Это понятие включает в себя повседневные привычки, направленные на охрану природы (например, сохранение ресурсов, сортировка отходов), участие в экологических мероприятиях, а также внутренние принципы предотвращения вреда природе. В ходе исследования были использованы методические пособия для определения уровня экологических знаний и поведения учащихся 9–11 классов, в результате чего установлено значительное повышение уровня знаний и поведения в экспериментальной группе. Кроме того, учащиеся проявили высокий интерес к содержанию и методам программы и выразили готовность применять полученные знания в повседневной жизни.

Результаты исследования доказывают, что социально-экологическое образование является важным инструментом не только передачи информации, но и формирования ценностного сознания подрастающего поколения, этической и социальной ответственности за природу. Структура, содержание и результаты программы, представленные в статье, показывают, что она имеет практическое значение в реализации экологического воспитания, основанного на ценностях в системе образования.

Ключевые слова: экологическое образование, экологическое сознание, Республика Казахстан, устойчивое развитие, проектная деятельность, экологическая ответственность.

*Sh. S. Kosherbayeva¹, Sh. Sh. Karbayeva², Z. A. Ibragimova³

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Almaty humanitarian and economic University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 29.10.24.

Received in revised form 26.12.25.

Accepted for publication 15.05.26.

SOCIAL AND ENVIRONMENTAL EDUCATION AS A MEANS OF DEVELOPING STUDENTS' VALUE POTENTIAL

This article analyzes the place and importance of socio-ecological education in the development of students' value potential from a theoretical and practical point of view. The aggravation of modern environmental problems and the decrease in the level of society's responsibility for nature require a revision of the content of environmental education and its coupling with the formation of students' value orientations. To this end, the authors have developed a special socio-ecological educational program for schoolchildren and tested it in experimental conditions.

The program includes topics such as environmental culture, respect for nature, environmental ethics and social responsibility. During the study, methodological manuals were used to determine the level of environmental education and behavior among students in grades 9-11, and as a result, the experimental group showed a significant increase in the level of environmental education and the skills of conscious environmental behavior. In the study, the concept of "environmental behavior" is considered as a system of conscious and responsible actions taken by students towards nature. This concept includes everyday habits aimed at protecting nature (such as conserving resources and sorting waste), participating in environmental activities, and internal principles for preventing harm to nature. In the course of the study, methodological manuals were used to determine the level of environmental knowledge and behavior of students in grades 9-11, resulting in a significant increase in the level of knowledge and behavior in the experimental group. In addition, the

students showed great interest in the content and methods of the program and expressed their willingness to apply their knowledge in everyday life.

The results of the study prove that socio-ecological education is an important tool not only for transmitting information, but also for forming the value consciousness of the younger generation, ethical and social responsibility for nature. The structure, content and results of the program presented in the article show that it has practical significance in the implementation of value-based environmental education in the education system.

Keywords: ecological education, ecological consciousness, Republic of Kazakhstan, sustainable development, project activity, ecological responsibility.

Теруге 15.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

26,3 Кб RAM

Шартты баспа табағы 50,81

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4566

Сдано в набор 15.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

26,3 Кб RAM

Усл.п.л. 50,81. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4566

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz